АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
ИСАТАЙ АУДАНЫНЫҢ
ИСАТАЙ
АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ
ӘКІМІ

АКИМ
ИСАТАЙСКОГО
СЕЛЬСКОГО ОКРУГА
ИСАТАЙСКОГО РАЙОНА
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ӨКІМ **РАСПОРЯЖЕНИЕ**

2022 жылғы « 29 » шілде № 66 « » 20 г.
Исатай ауылы село Исатай

«Мемлекеттік сатып алуды тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен жүзеге асыру туралы»

Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434 «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 41 - бабының 1,4,5 тармақшаларына сәйкес **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1.Мемлекеттік сатып алу порталында ауылдық округтің есебіндегі қызметтік автокөлікке қосалқы бөлшектер сатып алу бойынша мемлекеттік сатып алудың баға ұсыныстарына сұраным тәсілімен өтпеген лоттар бойынша жалпы сомасы 133 035 (бір жүз отыз үш мың отыз бес) теңге 76 тиынға (ҚҚС есебінсіз) 2022 жылғы 15 мамырда № 7610854-1 және 2022 жылғы 6 маусымда № 7764381-1 нөмірлі екі рет хабарландырулар беріліп, ешқандай әлеуетті өнім беруші қатыспай, сатып алу өтпеді деп танылуына байланысты Заңның 39 бабының 3- тармағының 42) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алудың тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілі жүзеге асырылсын.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алудың тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілін қолдану үшін қажетті барлық әрекеттерді орындау тапсырылсын.

3. Өкімнің орындалуын қадағалау және «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 41 -бабының 4- тармағына сай жауапкершілікті өзіме қалдырамын.

Округ әкімі **А.Ғұбаш**

000088